# Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 маусымдағы N 470а Қаулысы

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі ретке келтіру және оның тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 27 наурыздағы N 73 Жарлығының 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) *(Ескерту. 1) тармақшасының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 26 қаңтардағы* N 45 *(2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен;*

2) "2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1228 қаулысында :

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

II "Шығындар" деген бөлімде:

04 "Білім беру" деген функционалдық топта:

02 "Жалпы бастауыш, жалпы негізгі, жалпы орта білім беру" деген ішкі функцияда:

"200 "Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі 1616874" деген бюджеттік бағдарламалар әкімшісі

002 "Спорт бойынша білім беру объектілерін салу және қайта жаңарту 942690"

003 "Спортта дарындылық көрсеткен балаларды оқыту және тәрбиелеу 674184" бюджеттік бағдарламаларымен, 100 "Республикалық спортқа дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттар 535759" және 101 "Олимпиадалық резерв және жоғары спорттық шеберлік мектептерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету 138425" деген бюджеттік кіші бағдарламаларымен бірге алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы бюджеттік бағдарламалары және бюджеттік кіші бағдарламалары бар бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"205 Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі 1616874

002 Спорт бойынша білім беру объектілерін салу және қайта жаңарту 942690

003 Спортта дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу 674184

100 Республикалық спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттар 535759

101 Олимпиадалық резерв және жоғары спорттық шеберлік мектептерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету 138425";

04 "Орта кәсіби білім беру" деген ішкі функцияда:
"200 "Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі 120873" деген бюджеттік бағдарламалар әкімшісі
004 "Орта кәсіптік білімді мамандар даярлау 120873" деген бюджеттік бағдарламасымен бірге алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы бюджеттік бағдарламасы бар бюджеттік бағдарлама әкімшісімен толықтырылсын:
"205 Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі 120873
004 Орта кәсіптік білімді мамандар даярлау 120873";
05 "Қосымша кәсіби білім беру" деген ішкі функцияда:
"200 "Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі 37619" деген бюджеттік бағдарламалар әкімшісі
005 "Мемлекеттік мәдениет ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау 37619" деген бюджеттік бағдарламасымен бірге алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы бюджеттік бағдарламасы бар бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:
206 "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі 37619
020 Мемлекеттік мәдениет ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау 37619";
08 "Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік" деген функционалдық топта :
01 "Мәдениет саласындағы қызмет" деген ішкі функцияда:
"200 "Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі" 6545894 деген бюджеттік бағдарламалар әкімшісі
007 "Тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау 607592"
008 "Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін сақтауды қамтамасыз ету 849933" бюджеттік бағдарламаларымен, 100 "Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін сақтауды қамтамасыз ету 105965", 101 "Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін қалпына келтіру 544668", 102 "Қазақ халқының мәдени мұрасын зерттеу жүйесін құру 22500" және 103 " Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін салу 176800" деген бюджеттік кіші бағдарламаларымен,
009 "Ұлттық фильмдер шығару 1120423"
010 "Мұрағат қорын сақтауды қамтамасыз ету 290034" деген бюджеттік бағдарламаларымен, 100 "Мұрағат құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету 290034" деген бюджеттік кіші бағдарламасымен
011 "Әлеуметтік маңызды және мәдени іс-шараларды өткізу 1004538"
012 "Театр-концерт ұйымдарының жұмысын қамтамасыз ету 2576689"
013 "Алматы қаласының бюджетіне 2006 жылы республикалық бюджеттен берілген

мәдениет ұйымдарының жұмыс істеуіне арналған ағымдағы нысаналы трансферттер 96685" деген бюджеттік бағдарламаларымен бірге алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы бюджеттік бағдарламалары және бюджеттік кіші бағдарламалары бар бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"206 Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі 6545894

007 Тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау 607592

008 Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз ету 849933

100 Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз ету 105965

101 Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін қалпына келтіру 544668

102 Қазақ халқының мәдени мұрасын зерттеу жүйесін құру 22500

103 Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін салу 176800

009 Ұлттық фильмдер шығару 1120423

010 Мұрағат қорының сақталуын қамтамасыз ету 290034

100 Мұрағат құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету 290034

011 Әлеуметтік маңызды және мәдени іс-шараларды өткізу 1004538

012 Театр-концерт ұйымдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету 2576689

013 Алматы қаласының бюджетіне 2006 жылы республикалық бюджеттен берілген мәдениет ұйымдарының жұмыс істеуіне арналған ағымдағы нысаналы трансферттер 96685";

2 "Спорт" деген функционалдық топта:

"200 "Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі 12635882" деген бюджеттік бағдарламалар әкімшісі

014 "Спорт объектілерін салу және қайта жаңарту 9607200"

015 "Жоғары жетістіктер спортын дамыту 2973148"

016 "Бұқаралық спортты және спорттың ұлттық түрлерін дамытуды қолдау 55534" деген бюджеттік бағдарламаларымен бірге алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы бюджеттік бағдарламалары бар бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"205 Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі 12635882

005 Спорт объектілерін салу және қайта жаңарту 9607200

006 Бұқаралық спортты және спорттың ұлттық түрлерін дамытуды қолдау 55534

012 Жоғары жетістіктер спортын дамыту 2973148";

03 "Ақпараттық кеңістік" деген ішкі функцияда:

200 "Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі 12457442" деген бюджеттік бағдарламалар әкімшісі

017 "Ақпараттың жалпыға қол жетімділігін қамтамасыз ету 965531"

018 "Баспа мұрағатын сақтауды қамтамасыз ету 26361"

019 "Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу 10480419" бюджеттік бағдарламаларымен, 100 "Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу 1114307" және 101 "Телерадио хабарларын тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу 9366112" деген бюджеттік кіші бағдарламаларымен,

020 "Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару 761033"

021 "Ішкі саяси тұрақтылық және қоғамдық келісім саласында мемлекеттік саясатты жүргізу 224098" деген бюджеттік бағдарламаларымен бірге алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы бюджеттік бағдарламалары және бюджеттік кіші бағдарламалары бар бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"206 Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі 12457442

014 Ақпараттың жалпыға қол жетімділігін қамтамасыз ету 965531

015 Баспа мұрағатының сақталуын қамтамасыз ету 26361

016 Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу 10480419

100 Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу 1114307

101 Телерадио хабарларын тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу 9366112

017 Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару 761033

018 Ішкі саяси тұрақтылық және қоғамдық келісім саласында мемлекеттік саясатты жүргізу 224098";

04 "Туризм" деген функционалдық топта:

"233 "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі 410840" деген бюджеттік бағдарламалар әкімшісі

041 "Қазақстанның туристік имиджін қалыптастыру 410840" деген бюджеттік бағдарламасымен бірге алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы бюджеттік бағдарламасы бар бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"205 Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі 410840

011 Қазақстанның туристік имиджін қалыптастыру 410840";

09 "Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер" деген ішкі функцияда:

"200 "Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі 2686500" деген бюджеттік бағдарламалар әкімшісі

001 "Мәдениет, ақпарат және спорт саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету 294289" деген бюджеттік бағдарламасымен, 001 "Орталық органның аппараты 263059", 007 "Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру 1097", 009 " Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру 7391" және 017 "

Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету 22742" деген бюджеттік кіші бағдарламаларымен,

006 "Мәдениет, ақпарат және спорт саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер 237000"

023 "Мемлекеттік сыйлықақылар мен стипендиялар 43410"

024 "Мемлекет қайраткерлерінің бейнесін мәңгі есте сақтау 5000"

025 "Мемлекеттік тілді және Қазақстанның басқа да халықтарының тілдерін дамыту 488467"

026 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мәдениет және спорт объектілерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері 1583700"

104 "Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес 34634" деген бюджеттік бағдарламаларымен бірге алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы бюджеттік бағдарламалары және бюджеттік кіші бағдарламалары бар бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"205 Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі 1035867

001 Туризм және спорт саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету 60311

001 Орталық органның аппараты 56958

007 Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру 243

017 Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету 3110

007 Спорт саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер 40000

008 Мемлекеттік сыйақылар 153

009 Облыстық бюджеттерге, Астана мен Алматы қалаларының бюджеттеріне спорт объектілерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері 924900

104 Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес 10503";

мынадай мазмұндағы бюджеттік бағдарламалары және бюджеттік кіші бағдарламалары бар бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"206 Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі 1662241

001 Мәдениет және ақпарат саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету 245586

001 Орталық органның аппараты 216233

007 Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру 854

009 Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру 7391

017 Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету мен мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету 21108

002 Мәдениет және ақпарат саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер 1 9 7 0 0 0

003 Мемлекеттік сыйлықақылар мен стипендиялар 43257

004 Мемлекет қайраткерлерінің бейнесін мәңгі есте сақтау 5000

005 Мемлекеттік тілді және Қазақстанның басқа да халықтарының тілдерін дамыту 4 8 8 4 6 7

006 Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мәдениет объектілерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері 6 5 8 8 0 0

104 Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес 24131";

13 "Басқалар" деген функционалдық топта:

09 "Басқалар" деген ішкі функцияда:

233 "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі" деген бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша "2418864" деген сандар "2407256" деген сандармен ауыстырылсын;

001 "Индустрия және сауда саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген бюджеттік бағдарламадағы "2187235" деген сандар "2175627" деген сандармен ауыстырылсын;

001 "Орталық органның аппараты" деген бюджеттік бағдарламадағы "1608004" деген сандар "1597872" деген сандармен ауыстырылсын;

017 "Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету" бюджеттік кіші бағдарламадағы "72542" деген сандар "71066" деген сандармен ауыстырылсын;

V "Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо" деген бөлімде:

08 "Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік" деген ішкі функцияда:

03 "Ақпараттық кеңістік" деген ішкі функцияда:

"200 "Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі 1315000" деген бюджеттік бағдарламалар әкімшісі

022 "Бұқаралық ақпарат құралдарын институционалдық дамыту 1315000" деген бюджеттік бағдарламасымен бірге алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы бюджеттік бағдарламасы бар бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"206 Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі 1315000

019 Бұқаралық ақпарат құралдарын институционалдық дамыту 1315000";

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

04 "Білім беру" деген функционалдық топта:

"200 "Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі 942690"

деген бюджеттік бағдарламалар әкімшісі
002 "Спорт бойынша білім беру объектілерін салу және қайта жаңарту 942690
оның ішінде инвестициялық жобаларға:
Алматы қаласы "Шаңырақ" шағын ауданында спортта дарынды балалар үшін республикалық мектеп-интернат салу 942690" деген бюджеттік бағдарламасымен бірге алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы бюджеттік бағдарламасы бар бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:
"205 "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі
002 Спорт бойынша білім беру объектілерін салу және қайта жаңарту 942690
оның ішінде инвестициялық жобаларға:
Алматы қаласы "Шаңырақ" шағын ауданында спортта дарынды балалар үшін республикалық мектеп-интернат салу 942690";
08 "Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік" деген функционалдық топта:
"200 "Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі 11190900" деген бюджеттік бағдарламалар әкімшісі
014 Спорт объектілерін салу және қайта жаңарту 9607200
оның ішінде инвестициялық жобаларға:
Алматы облысында республикалық олимпиадалық дайындық базасын салу 3107200
Щучье қаласында республикалық шаңғы базасын салу 2500000
Астана қаласында республикалық велотрек салу 4000000
026 Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мәдениет және спорт объектілерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері 1583700
оның ішінде инвестициялық жобаларға:
Қоянды өзенінің су қоймасында Астана қаласының тұрғындарына арналған қысқа мерзімді демалыс аймағы 458800
Астана қаласында теннис кортын салу 924900
Қарағанды қаласында Сәкен Сейфуллин атындағы 700 орындық Қазақ театрын салу 200000" деген бюджеттік бағдарламаларымен бірге алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы бюджеттік бағдарламалары бар бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:
"205 Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі 10532100
005 Спорт объектілерін салу және қайта жаңарту 9607200
оның ішінде инвестициялық жобаларға:
Алматы облысында республикалық олимпиадалық дайындық базасын салу 3107200

Щучье қаласында республикалық шаңғы базасын салу 2500000

Астана қаласында республикалық велотрек салу 4000000

009 Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне спорт объектілерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері 924900

оның ішінде инвестициялық жобаларға:

Астана қаласында теннис кортын салу 924900";

мынадай мазмұндағы бюджеттік бағдарламасы бар бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"206 Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі 658800

006 Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мәдениет объектілерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері 658800

оның ішінде инвестициялық жобаларға:

Қоянды өзенінің су қоймасында Астана қаласының тұрғындарына арналған қысқа мерзімді демалыс аймағы 458800

Қарағанды қаласында Сәкен Сейфуллин атындағы 700 орындық Қазақ театрын салу 200000";

3) "2006 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 қаулысында :

1-тармақта:

"11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34 , 35, 36, 37-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің" деген алтыншы абзац алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы он бірінші және он екінші абзацтармен толықтырылсын:

" 72-1 , 72-2 , 72-3 , 72-4 , 72-5 , 72-6 , 72-7 , 72-8 , 72-9 , 72-10 , 72-11 , 72-12 -қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің ";

" 72-13 , 72-14 , 72-15 , 72-16 , 72-17 , 72-18 , 72-19 , 72-20 , 72-21 , 72-22 , 72-23 , 72-24 , 72-25 , 72-26 , 72-27 , 72-28 , 72-29 , 72-30 , 72-31 , 72-32 , 72-33 -қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің ";

осы қаулыға 1, 2, 3, 4, 5, 6, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33-қосымшаларға сәйкес көрсетілген қаулыға 72-1, 72-2, 72-3, 72-4, 72-5, 72-6, 72-7, 72-8, 72-9, 72-10, 72-11, 72-12, 72-13, 72-14 72-15, 72-16, 72-17, 72-18, 72-19, 72-20, 72-21, 72-22, 72-23, 72-24, 72-25, 72-26, 72-27, 72-28, 72-29, 72-30, 72-31, 72-32, 72-33-қосымшалармен толықтырылсын;

жиырма бірінші абзацтағы "348" деген сандар алынып тасталсын;

көрсетілген қаулыға 326-қосымшада :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 2175627 мың теңге (екі миллиард бір жүз жетпіс бес миллион алты жүз жиырма жеті мың теңге)";

6-тармақтың кестесінде 5-бағанда реттік нөмірі 2-жолдағы "штат саны 458 бірлік" деген сөздер "штат саны 444 бірлік" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 маусымдағы N 470а қаулысына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 қаулысына 72-1 ҚОСЫМША

205 - Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған "Туризм және спорт саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 60 311 мың теңге (алпыс миллион үш жүз он бір мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы ; " Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 26 сәуірдегі N 329 қаулысы ; "Қызмет телефондары және мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыруға арналған алаңдардың нормалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 3 қазандағы N 1217 қаулысы ; "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар үшін электр жарығын, жылуды, ыстық және суық суды және басқа да коммуналдық қызметтерді қолданудың нормалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 2 қарашадағы N 1118 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көліктік қызмет көрсетуге арналған қызметтік жеңіл автомобильдерді пайдалануды реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 663 қаулысы ; "Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының ішіндегі қызметтік іссапары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1428 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің

қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : стратегиялық саясатты жүргізу, туризм және спорт саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеті** : туризм және спорт саласында құқықтық, экономикалық және ұйымдық негіздерді құру жөнінде іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету, дене шынықтыруды, жоғары жетістіктер спортын және салауатты өмір салтын дамыту мен насихаттауды ұйымдастыруды қамтамасыз ету. Мемлекеттік, салалық (секторалдық) бағдарламалар әзірлеу және оларды іске асыру, туризм және спорт салаларының дамуына талдаулар жүргізу, туризм индустриясы мен спорттың әлемдік тәжірибесін, соның ішінде кластерлік бастамалар шеңберінде зерттеу және жинақтау. Спортқа және туристік индустрияға инвестициялар тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау. Туризм, дене шынықтыру мен спорт салаларындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын бақылауды қамтамасыз ету, жаңа технологиялар әзірлеу және салалардың даму жағдайына мониторинг жүргізу. Лауазымдық міндеттерін тиімді орындау және кәсіби шеберлігін жетілдіру үшін оларға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес кәсіптік қызмет саласындағы теориялық және практикалық білімін, машықтары мен дағдыларын жаңалау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарла-малардың (кіші бағдарла-малардың атауы) | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалар-ды іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | Туризм және спорт саласын-дағы уәкілетті органның қызметін қамтама-сыз ету | | | |
| 2 | | 001 | Орталық органның аппараты | Бекітілген штат саны лимиті шегінде орта-лық аппаратты және оның комитеттерін ұстау және қызмет көрсету; нормативтік-құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлеу және оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар беру; | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касының Туризм және спорт министр-лігі |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық қызметтерге лицензиялар беруді, дене шынықтыру және спорт жөніндегі қызметті жүзеге асыратын республикалық қоғамдық бірлестіктерді аккредиттеуді және спорттық костюмдер мен басқа да спорттық керек-жарақты ресімдеу кезінде "Қазақстан Республикасының құрама командасы" атауын пайдалануға рұқсаттамалар беруді бақылау мен қадағалауды, сондай-ақ туристерді қорғау мен қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету, туроператор мен турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын жасау жөніндегі заңды тұлғалардың қызметін бақылауды қамтамасыз ету;<br>халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;<br>дене шынықтыру және спорт, туристік саланы дамытудың индустриалды-инновациялық дамыту мәселелері бойынша семинарлар, тренингтер өткізу;<br>ақпараттық-талдамалы материалдар дайындау;<br>үйлерді ұстау және қызметтік автокөліктерді жалға алу;<br>ұйымдық техниканы ұстау және техникалық қызмет көрсету, байланыс қызметтері жөніндегі қызметтерге ақы төлеу; | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бланкілер шығару жөніндегі қызметтерді сатып алу; лицензиялардың, аккредиттеудің және рұқсаттардың бланкілеріне қатаң есеп жүргізу | | |
| 3 | | 007 | Мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігін арттыру | Қызметкерлерді мемлекеттік және ағылшын тіліне оқыту | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі |
| 4 | | 017 | Ақпараттық жүйелердің қызметін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету | Шығыс материалдарын, жинақтаушы және қосалқы бөлшектерді сатып алу. Интернет желісіне қол жеткізетін қызметтер. Есептеу техникасы құралдарына ілесу және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтерге ақы төлеу. Веб-сайт пен бағдарламалық өнімдерге ілесу. Есептеу техникасын және бағдарламалық өнімдерді сатып алу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтиже: іс-шаралар жоспарында көзделген Министрлікке жүктелген функциялар мен міндеттерді 48 қызметкердің толық көлемінде орындауы;

мемлекеттік тілге - 2 қызметкерді, ағылшын тіліне - 10 қызметкерді оқыту;

туризм және спортты дамыту мәселелері бойынша 4 семинар және тренинг өткізу;

кемінде 15 ұйымды аккредиттеу;

Министрліктің құзыретіне жатқызылған салаларда нормативтік кесімдер әзірлеу.

Соңғы нәтиже: туризм индустриясы мен спортты одан әрі өркендету үшін қажетті жағдайлар жасау;

туристік кластерлерді дамыту үшін ірі инвесторлар тарту;

әлемдік спорт аренасында республика имиджін көтеруді қамтамасыз ету;

мемлекеттік тілді оқуды 5% және ағылшын тілін оқуды - 21% қажеттілігін қамтамасыз ету.

Қаржы-экономикалық тиімділігі: орталық аппараттағы 1 мемлекеттік қызметкерді

ұстау үшін кететін шығынның орташа құны - 1256,5 мың теңге;
1 мемлекеттік қызметкерге мемлекеттік тілді оқытуға кететін орташа шығынның құны - 11,5 мың теңге;
1 мемлекеттік қызметтерге мемлекеттік тілді оқытуға кететін орташа шығынның құны - 22,0 мың теңге;
Уақтылығы: жасалған шарттарға сәйкес және белгіленген мерзімде жоспарланған іс-шараларды орындау;
Сапасы: замана экономикалық жағдайларға және мемлекеттік кәсіби қызмет талаптарына сәйкес мемлекеттік қызметкерлердің кәсіптік деңгейін арттыру;
мемлекеттік тілді оқыту курстарын өткеннен кейін мемлекеттік тілде іс жүргізуге көшу - 4,2%;
ағылшын тілін оқыту курстарын өткеннен кейін ағылшын тіліндегі құжаттармен жұмыс - 21%;
нормативтік-құқықтық кесімдерді бекіту - 100%.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 28 маусымдағы
N 470а қаулысына 2-қосымша
Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
72-2-ҚОСЫМША

205 - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Спорт бойынша білім беру объектілерін салу және қайта жаңарту" деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 942690 мың теңге (тоғыз жүз қырық екі миллион алты жүз тоқсан мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау мен дамыту туралы" 1996 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасы Президентінің N 3002 өкімі .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасында спортты дамыту, халықаралық спорт ареналарында жоғары көрсеткіштерге жету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : дарынды балаларға таңдап алған спорт түрлерімен айналысу үшін қолайлы жағдайлар жасау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | Спорт бойынша білім беру объекті-лерін салу және қайта жаңарту | Бекітілген смета-жобалық құжаттамалар-ға (28.10.2003 ж. N 7-475/2003 ж. жұмыс жобасы бойынша Мемса-раптаманың қорытынды-сы) сәйкес "Алматы қаласындағы "Шаңырақ" ықшам ауданында спортта дарынды бала-ларға арналған рес-публикалық мектеп-интернатының құрылы-сын салу" инвестиция-лық жобасын іске асыру және құрылыстың жүру барысына техни-калық қадағалау жүргізу | қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касының Туризм және спорт министр-лігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтиже: Алматы қаласындағы "Шаңырақ" ықшам ауданында 400 орындық республикалық мектеп-интернаттың құрылысын аяқтау.

Соңғы нәтиже: спорттағы дарынды балаларға арналған объектілерді қолданысқа енгізу және спортпен айналысуға, жаттығуға жағдай жасау.

Қаржы-экономикалық нәтиже: жобаларды жүзеге асырудың тиімділігін талдау нәтижелері бойынша.

Уақтылығы: келісім шарттар бойынша жоспарланған жұмыстарды орындау.

Сапасы: заңдылық пен құрылыстық нормалардың талаптарына сай.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 28 маусымдағы
N 470а қаулысына 3-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
72-3-ҚОСЫМША

205 - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Спортта дарындылық көрсеткен балаларды оқыту және тәрбиелеу"

деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 674184 мың теңге (алты жүз жетпіс төрт миллион бір жүз сексен төрт мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы "Білім туралы" Заңының 18 және 24-баптары ; "Дене шынықтыру және спорт туралы" 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Заңының 16 және 17-баптары ; "Шығыс Қазақстан облысындағы Лениногорск қаласын қайта атау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 28 маусымдағы N 900 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Спортта дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімін жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" 1996 жылғы 16 қыркүйектегі N 1125 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің "Лениногорск қаласындағы спортта дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернаты" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 маусымдағы N 673 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің кейбір республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарының мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 маусымдағы N 629 және "Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарына ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің штат саны лимитін бекіту туралы" 2005 жылғы 5 наурыздағы N 214 қаулылары; ҚР Әділет министрлігінде 2002 жылғы 11 қазанда N 2007 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің "Спорттық іс-шараларға қатысушылардың тамақтану нормаларын белгілеу туралы" 2002 жылғы 11 қыркүйектегі N 06-2-2/208 және ҚР Әділет министрлігінде 2002 жылғы 11 қазанда N 2008 болып тіркелген "Спорттық іс-шаралардың қатысушыларын фармакологиялық қалпына келтіру құралдарымен, витаминдермен және белоктық-глюкозалық препараттармен қамтамасыз ету туралы" 2002 жылғы 11 қазандағы N 06-2-2/209 бұйрықтары.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : әрбір оқушының жеке қабілетін дамыту, олимпиадалық спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларына мүшелерді, үміткерлерді және халықаралық деңгейдегі біліктілігі жоғары спортшыларды дайындау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : оқушылардың таңдаған спорт түрлерімен шұғылдануы үшін қолайлы жағдайлар жасау, сапалы оқу-жаттығу процесі мен жаттығу сабақтарын ұйымдастыру, олардың денсаулығын нығайтуға және жан-жақты физикалық жетілуге бағытталған жастар арасында дене шынықтыру-сауықтыру және

тәрбие жұмыстарын жүзеге асыру, олимпиадалық спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама командаларын спортшылармен қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | Спортта дарынды-лық көрсеткен балаларды оқыту және тәрбиелеу | Мемлекеттің жалпыға бірдей білім беру стандарттарына сәйкес оқу процесін өткізу және дарынды балалар-мен таңдаған спорт түрлері бойынша толық көлемінде жыл бойы оқу-жаттығу сабақта-рын өткізу. Спорт резерві мен халықаралық дәрежеде-гі спортшыларды даярлау. Спорттық іс-шараларға қатысу. | жыл бойы | Қазақстан Республи-касының Туризм және спорт министр-лігінің Спорт комитеті |
| 2 | | 100 | Республи-калық спортқа дарынды балаларға арналған мектеп-интернат | Негізгі құралдарды сатып алу. Мемлекеттік сараптама қорытындысы мен жоба-лық құжат негізінде күрделі жөндеу жүргізу. | жыл бойы | Спортта дарынды балаларға арналған Қ.Мұнайт-пасов атындағы республи-калық мектеп-интернат<br><br>Спортта дарынды балаларға арналған Қ.Ахметов атындағы Республи-калық мектеп-интернат<br><br>Риддер қаласын-дағы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | спортта дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернат |
| 3 | | 101 | Олимпиадалық резерв және жоғары спорттық шеберлік мектептерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету | Олимпиадалық спорт түрлері бойынша республика құрама командаларына үміткерлер мен мүшелер даярлауды ұйымдастыру; Оқу-жаттығу сабақтарын өткізу; Республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысу. Су спорты және қолданбалы спорт түрлері бойынша республикалық жоғары спорт шеберлігі мектебіне жабдықтар сатып алу үшін күрделі трансферттер аудару | жыл бойы | Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігінің Спорт комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтиже: спортта дарынды балаларға арналған Қ.Мұңайтпасов атындағы республикалық мектеп-интернатта белгіленген лимит шегінде орташа жылдық контингенті - 260 оқушыны, спортта дарынды балаларға арналған Қ.Ахметов атындағы республикалық мектеп-интернатта штат саны белгіленген лимит шегінде орташа жылдық контингенті - 385 оқушыны, Риддер қаласындағы спортта дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернатта штат саны белгіленген лимит шегінде орташа жылдық контингенті - 150 оқушыны оқыту; Спортта дарынды балаларға арналған Қ.Мұңайтпасов атындағы республикалық мектеп-интернат оқушыларының дайындалуына жағдай жасау үшін жабдықтар сатып алу: спортшыларды тасымалдау үшін 1 дана автокөлігін ("Газель"), спорттық мүкәмал - 7 дана, асхана жабдығы - 2 дана, арнаулы кабинеттерге арналған жиынтық сыныптар - 11 дана. Спортта дарынды балаларға арналған К.Ахметов атындағы республикалық мектеп-интернат оқушыларының дайындалуына жағдай жасау үшін жабдықтар сатып алу: байдарка мен каноэде есу бөлімінің спортшыларын тасымалдау үшін 1 дана автокөлік (микроавтобус ); асхана жабдығы - 13 дана, спорттық мүкәмал - 41 дана және мектептің ғимаратына күрделі жөндеу жүргізу.

Риддер қаласындағы спортта дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернат оқушыларының дайындалуына жағдай жасау үшін жабдықтар сатып

алу: медициналық жабдық - 1 дана, асхана жабдығы - 2 дана, тұрмыстық техника - 1 дана, спорттық мүкәмал - 44 дана, физика және биология кабинеттеріне арналған жабдық - 2 жиынтық.
Су спорты және қолданбалы спорт түрлері бойынша республикалық жоғары спорт шеберлігі мектебіне жабдықтар сатып алу: нысана көздеуден сабақтар мен жаттығу өткізу үшін пневматикалық пистолет - 2 дана, вентовка - 2 дана, қазіргі көпсайыс бөліміне спорттық ат - 1 бас, велосипед спорты мен қазіргі көпсайыс бөлімінде оқу-жаттығу процесін өткізу үшін 1 дана микроавтобус, шаруашылық мұқтаждықтары үшін - 1 дана "Беларусь" тракторы. Кемінде 80 оқу-жаттығу жиынын өткізу, кемінде 75 республикалық және 45 халықаралық олимпиадалық спорт түрлері бойынша жарысқа қатысу.

Соңғы нәтиже: олимпиадалық спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама командаларын халықаралық деңгейдегі білікті спортшылармен толықтыру. Спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың жабдықтармен жарақтандырылуы 32%-ды, республикалық жоғары спорт шеберлігі мектебінде 18%-ды құрайды.

Қаржы-экономикалық нәтиже: мектеп-интернаттарда бір оқушыны оқытуға кететін шығынның құны - 577,8 мың теңге және олимпиада резерві мектептерінде бір спортшыға кететін шығынның құны - 144,3 мың теңгені құрайды.

Уақтылығы: халықаралық дәрежеде 182 спортшы және республика құрама командаларына келешегі бар үміткерлер дайындап шығару, оқу жоспары бойынша оқушылар даярлау және оқу-жаттығу сабақтарын өткізу, спорттық іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына сәйкес спорттық іс-шараларға қатысу.

Сапасы: республикалық және халықаралық жарыстарда жүлделі орындарды иеленуге және жоғары нәтижелер көрсетуге қабілетті спортшыларды даярлау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 28 маусымдағы
N 470а қаулысына 4-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
72-4-ҚОСЫМША

205 - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Орта кәсіптік білімді мамандар даярлау"
деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 120873 мың теңге (бір жүз жиырма миллион сегіз жүз жетпіс үш мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 8 , 24, 43 және 44-баптары ; "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Заңының 4 және 28-баптары ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің мекемелерін қайта ұйымдастыру туралы" 1999 жылғы 27 тамыздағы N 1264 ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1180 қаулысы ; "Республикалық бюджеттен қаражат алатын білім беру ұйымдарында кәсіптік орта білімді, кәсіптік жоғары білімді, жоғары оқу орындарында және ғылыми ұйымдарда жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімді мамандар даярлауға 2005/2006 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырыстарын бекіту туралы" 2005 жылғы 25 мамырдағы N 508 , "Жастар арасынан орта және жоғары кәсіптік оқу орындарында мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқитындар үшін өтемақы төлеу арқылы жеңілдікпен жол жүру туралы" 2005 жылғы 18 шілдедегі N 736 , "Білім беру ұйымдарында оқитындардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендияларды тағайындау мен төлеудің ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 10 желтоқсандағы N 1903 қаулысы ; ҚР Әділет министрлігінде 2002 жылы 11 қазанда N 2007 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің "Спорттық іс-шараларға қатысушыларға тамақтану нормаларын белгілеу туралы" 2002 жылғы 11 қыркүйектегі N 06-2-2/208 және ҚР Әділет министрлігінде 2002 жылғы 11 қазанда N 2008 болып тіркелген "Спорттық іс-шаралардың қатысушыларын фармакологиялық қалпына келтіру құралдарымен, витаминдермен және белоктық-глюкозалық препараттармен қамтамасыз ету туралы" 2002 жылғы 11 қазандағы N 06-2-2/209 бұйрықтары.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : қоғамның дене шынықтыру және спорт саласында орта кәсіптік білімі бар білікті мамандар даярлау жөніндегі әлеуметтік-экономикалық талаптарын қажеттіліктерін қанағаттандыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : дене шынықтыру және спорт саласына орта кәсіптік білімі бар мамандар даярлау үшін оқу процесін ұйымдастыруға қажетті жағдайлар жасау, насихатталатын олимпиадалық спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама командаларын жоғары білікті спортшылармен қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 004 | | Орта кәсіптік білімді мамандар даярлау | Білім берудің мемле-кеттік жалпыға бірдей міндетті стандартта-рына сәйкес оқу про-цесін өткізу. Оқу, әдістемелік, мә-дени ағарту, дене шы-нықтыру және спорттық жұмысты біріктірген білім беру қызметін жүзеге асыру. Білім берудің мемлекеттік тапсырысына сәйкес жыл сайын Қазақстан Республикасы Үкіметі-нің қаулысымен бекі-тілген орта кәсіптік білімі бар мамандар даярлау үшін оқушылар қабылдау. Республикалық спорт колледжіне мемлекет-тік білім беру тап-сырысы бойынша оқи-тындарға қысқы және жазғы демалыс кезінде жеңілдікпен жол жүру-іне ақшалай өтемақы төлеу үшін трансферттер аудару Республикалық спорт колледжіне негізгі құралдар сатып алу үшін күрделі транс-ферттер аудару | жыл бойы | Қазақстан Республи-касының Туризм және спорт министр-лігінің Спорт комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтиже: кем дегенде 13 халықаралық жарысқа даярлану және қатысу. Республикалық спорт колледжінде жылдық орташа контингенті - 238 адамды оқыту. Республикалық спорт колледжінде мамандар даярлауға жағдайлар жасау үшін жабдықтар сатып алу: асхана жабдықтары - 6 дана, асханаға арналған жиһаз (түскі ас үстелдері - 40 дана, асханалық орындықтар - 160 дана, ыдыс салатын шкаф - 4 дана, өндірістік үстелдер - 3 дана).

Соңғы нәтиже: спорт ұйымдарында еңбекке орналасатын түлектердің үлесі - 60%, жоғары оқу орындарында оқуын жалғастыратын түлектердің үлесі - 40%-ды құрайды.

Қаржы-экономикалық нәтиже: бір оқушыны оқытуға кететін шығынның орташа құны - 492,8 мың теңге.

Уақтылығы: дене шынықтыру және спорт саласына 76 - орта кәсіптік білімі бар білікті мамандар даярлап шығару.

Сапасы: біліктілігі жоғары мамандармен қамтамасыз ету арқылы дене шынықтыру және спорт саласын дамыту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 28 маусымдағы
N 470а қаулысына 5-қосымша
Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
72-5 ҚОСЫМША

205 - Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Спорт саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер"
деген 007 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 40 000 мың теңге (қырық миллион теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының "Дене шынықтыру және спорт туралы" 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Заңының 20-бабы , "Қазақстан Республикасының "Ғылым туралы" 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : халықаралық спорт аренасында жоғары нәтижелерге қол жеткізу.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеті** : тағаммен, медициналық-биологиялық және қалпына келтіру препараттарымен қамтамасыз ету жөнінде ғылыми-әдістемелік ұсынымдар әзірлеу, жаттығудың жаңа әдістерін қолдану жолымен спортшылардың ағзаларының функционалдық мүмкіндіктерін арттыру. Ғылыми негізде жаттығу мен жарысу жүктемелерінің, демалудың, тамақтанудың, қалпына келтіру құралдарының, қатаң теңгермелік жүйесін жасау, жұмыс қабілетін ынталандыру және спортшы ағзасының функционалдық қорын жұмылдыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ - | Бағдарла-малардың (кіші бағдарла- | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалар-ды іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | дар-лама коды | малардың атауы) | | | Жауапты |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | орын-даушылар |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 007 | | Спорт саласын-дағы қол-данбалы ғылыми зерттеу-лер | Оқу-жаттығу және жарысу процестері кезінде спортшының ағзасы жұмсайтын күш-қуат шығындарын және оларды шұғыл түрде қалпына келтіру әдістерін іздестіру, жаттығудың әсер ету факторларына бейімде-лу процестерінің үдемелігіне мүмкіндік беретін жағдайда спортшыларды орта тауда, биік тауда және табиғи гипоксия жағдайында тиімді дайындау үшін спорт саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу. | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касының Туризм және спорт министр-лігінің Спорт комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтиже: 1. "Қазақстан Республикасы құрамасының бірқатар маманданған спортшыларының тағамына белсенді биологиялық қоспаларды қолданудың және тамақтанудың тиімді негіздері" тақырыбына көрсетілген спортшылар тобы үшін ұсынылатын тамақтану нормалары және функционалды тамақтануда тағам мен азық-түлікке арнайы биологиялық активті қоспаларды пайдалану жөніндегі ұсыныстар әзірлеу.

2. "Спортшыларды орта таулы, жоғары таулы және жасанды гипоксия жағдайында даярлаудың тиімді әдістерін әзірлеу" тақырыбына оқу-жаттығу жиындарын өткізу, орта тауда, биік тауда және табиғи гипоксия жағдайында спорттық жүктемелерді жоспарлау жөніндегі әдістемелік ұсыныстар жасау.

Соңғы нәтиже: спорт саласын қызметтермен қамтамасыз етудің тұрақты және дамымалы жүйесі қалыптасатын болады.

Қаржы-экономикалық тиімділігі: 1 ғылыми жобаны іске асыруға кететін шығынның орташа құны - 20 000 мың теңге.

Уақтылығы: ғылыми жобалардың уақтылы әзірленуін қамтамасыз ету.

Сапасы: біліктілігі жоғары спортшыларды дайындау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 28 маусымдағы
N 470а қаулысына 6-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 қаулысына
72-6 ҚОСЫМША

205 - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған "Спорт объектілерін салу және қайта жаңарту" деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 9607200 мың теңге (тоғыз миллиард алты жүз жеті миллион екі жүз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : жоқ.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : салауатты өмір салтын насихаттау, спортты дамыту және жоғары нәтижелерге қол жеткізу, әлемдік спорттық аренада Қазақстанның имиджін арттыру.

Төрт номинация (2 сыйлық пен 2 грант) бойынша президенттік сыйақы мен

гранттар;

Қазақстанның көрнекті әдебиет және өнер қайраткерлеріне мемлекеттік сыйақылар - 50 бірлік.

10 номинация бойынша әдебиет, өнер және сәулет саласындағы сыйақы;

Соңғы нәтиже: ҚР мәдениет, өнер, әдебиет, сәулет саласындағы көрнекті қайраткерлері мен журналистерінің үздік жарияланған еңбегі үшін ынталандыру.

Қаржы-экономикалық нәтиже: Төлемнің орташа шығыны:

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығының 1 бірлігі - 6000 АЕК;

Президенттік бір сыйақы - 1030 мың теңге;

Президенттік бір грант - 1030 мың теңге;

Мемлекеттік бір стипендия - 20 АЕК;

Мемлекеттік бір сыйақы - 2000 АЕК;

Өз уақытында: мемлекеттік сыйақылар мен стипендиялардың жоспарланған төлемін қамтамасыз ету.

Сапа: Бұқаралық ақпарат құралдары, мәдениет, өнер, әдебиет, сәулет саласындағы көрнекті қайраткерлерге мемлекеттік қолдау көрсетуді арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 28 маусымдағы
N 470а қаулысына 16-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
N 72-16 қосымша

206 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Мемлекет қайраткерлерінің бейнесін мәңгі есте сақтау" деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 5000 мың теңге (бес миллион теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : 1996 жылғы 24 желтоқсандағы "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : мәдениет және өнер саласындағы көрнекті қайраткерлерді үлгі ете отырып, өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстанның мәдениеті мен өнеріне зор үлес қосқан көрнекті мәдениет қайраткерлерін мәңгілік есте сақтау мақсатында

шараларды ұйымдастыру және өткізу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 004 | | Мемлекет қайрат-керлері-нің бейнесін мәңгі есте сақтау | Мәдениет және өнер саласындағы аса көр-некті қайраткерлерді мәңгі есте сақтау жөніндегі іс-шаралар-ды ұйымдастыру және өткізу. Көрнекті мә-дениет қайраткерлерін жерлеу рәсімдерін, ас беруді, салттық қызметтерді, фото-бейне түсіруді ұйым-дастыру, БАҚ-на жа-риялау (көңіл айту, некролог), мемориалды тақталар мен ескерт-кіштерді дайындау. | жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Мәдениет және ақпарат министр-лігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтиже: көрнекті қайраткерлерді мәңгі есте сақтау мақсатындағы шараларды ұйымдастыру.

Соңғы нәтиже: мәдениет және өнер саласындағы аса көрнекті қайраткерлерді мәңгі есте сақтау.

Қаржы-экономикалық нәтиже:

Өз уақытында: керекті шаралардың уақытында өтуі.

Сапа: мемлекет тарихындағы көрнекті қайраткерлердің есімін сақтау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 28 маусымдағы
N 470а қаулысына 17-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
N 72-17 қосымша

206 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Мемлекеттік тілді және Қазақстанның басқа да халықтарының тілдерін дамыту" деген

005 республикалық бюджеттік бағдарламаның **ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 488 467 мың теңге (төрт жүз сексен сегіз миллион төрт жүз алпыс жеті мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі Заңының 4 , 6 , 16, 17, 19, 21, 23, 25,26-баптары , "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 6 , 7-баптары , Қазақстан Республикасы Президентінің "Шет елде тұратын отандастарды қолдаудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2005 жылғы 21 қарашадағы N 1673 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2001 жылғы 7 ақпандағы N 550 Жарлығы , "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 сәуірдегі N 368 қаулысы , "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 сәуірдегі N 367 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Тілдер туралы заңдардың сақталуына бақылау жасаудың тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 1999 жылғы 8 қаңтардағы N 16 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005-2006 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы" 2004 жылғы 4 қарашадағы N 1146 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік терминологиялық жұмыс тұжырымдамасы туралы" 2004 жылғы 21 сәуірдегі N 444 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің " Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ономастикалық жұмыс тұжырымдамасы туралы" 2005 жылғы 21 қаңтардағы N 45 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : - мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейту және нығайту;

- Қазақстан халықтарының тілдерін дамыту;

- біртұтас қазақ ұлтының құрамдас бөлігі ретінде шетелде тұратын отандастарды әлеуметтік-экономикалық, құқықтық қорғау мен қолдаудың мемлекеттік жүйесін жасау .

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : - мемлекеттік тілдің барлық мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қызметтік міндеттерді орындау үшін іс жүргізудің негізгі тілі ретінде қолданылуын қамтамасыз ету;

- қазақ терминологиясын жетілдіру;

- орыс тілінің қолданылуын қамтамасыз ету және этникалық топтар өкілдеріне ана тілдерін оқытуға қолдау көрсету;

- шетелде тұратын отандастармен жан-жақты байланыстарды дамыту мен нығайтуды қамтамасыз ету;

- мемлекеттік тілді компьютерлендіру мәселесін шешу;

- мемлекеттік қызметшілерге қазақ тілін үйрету жөніндегі барлық қажетті ұйымдастырушылық және материалды-техникалық жағдайларды жасау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 005 | | Мемлекет-тік тілді және Қазақс-танның басқа да халықта-рының тілдерін дамыту | Қазақстан Республика-сы Үкіметінің жанын-дағы Мемлекеттік терминология және Мемлекеттік ономасти-ка комиссияларының бюллетеньдерін құрас-тыру және шығару; Республикалық маман-дандырылған»"Тіл және қоғам" альманағын шығару; Қазақ тілін жеделде-тіп оқыту жөніндегі сөздіктер мен анық-тамалықтар, оқулық-тар, оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу және шығару; Мемлекеттік қызметші-лерге мемлекеттік тілді оқыту жөніндегі үлгілік бағдарламаны әзірлеу және шығару; Сараптамалық баянда-малар әзірлеу; Қазақ тілін дамытудың өзекті мәселелері, терминология мен ономастиканы дамыту-дың проблемалары жөнінде ғылыми әде-биеттер, сөздіктер, анықтамалықтар, нормативтік құқықтық актілер, әдістемелік | жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Мәдениет және ақпарат министр-лігінің Тіл комитеті |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | әдебиеттер және басқа басылымдарды әзірлеу және шығару;<br>Қазақ тілін үйрету мен енгізу жөніндегі компьютерлік бағдарламаларды әзірлеу;<br>www.gazaktili.kz веб-порталын ақпараттық қолдау және жетілдіру;<br>Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларға арналған қазақ тіліндегі көркем, танымдық әдебиеттер мен әдістемелік құралдарды, қазақ тіліндегі "Балапан" журналын әзірлеу және шығару;<br>"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл саясаты" атты роликті шығару және жалға беру;<br>Ұлттық-мәдени орталықтардың жексенбілік мектептері арқылы тілдерді дамытуға мемлекеттік қолдау көрсету;<br>Ұлттық жексенбілік мектептердің балалары мен жасөспірімдеріне жазғы кезеңде қазақ тілін оқыта отырып, олардың жазғы сауықтыру демалысын ұйымдастыру;<br>Жақын шетел өкілдерінің қатысуымен түркі жазбалары мәселелері бойынша республикалық ғылыми-теориялық конференцияны ұйымдастыру және өткізу;<br>Тілдерді дамытудың, қазақ терминологиясының өзекті проблемалары жөніндегі республикалық (аймақтық) ғылыми-теориялық (практикалық) | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | конференциялар, семинарлар, кеңестер, дөңгелек үстелдер;<br>Республикалық конкурстар және смотрлар өткізу;<br>Оралмандарға тілдік орта құру жөніндегі іс-шаралар;<br>Славян жазбалары күндерін өткізу;<br>Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясының және Мемлекеттік терминология комиссиясының отырыстарын өткізу;<br>Қазақстан халықтары тілдерінің VIII республикалық фестивалін өткізу;<br>Тіл сұрақтары жөнінде әлеуметтік зерттеулер жүргізу;<br>Республикалық Мемлекеттік тілді жеделдетіп оқыту орталығы базасында мемлекеттік қызметшілерді қазақ тілінде оқытудың орталықтандырылған жүйесін құру;<br>Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің бұйрығымен бекітілген Тізбеге сәйкес Мемлекеттік тілді жеделдетіп оқыту республикалық орталығына негізгі құралдарды сатып алуға күрделі трансферттер аудару;<br>Шетелде тұратын қазақ диаспорасының өзекті мәселелеріне арналған әдебиеттер, қазақ тілін жеделдетіп оқытуға арналған сөздіктер, оқулықтар, оқу-әдістемелік әдебиет- | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | тер мен құралдар әзірлеу және шығару; Шетелде тұратын қазақ диаспорасының өзекті мәселелеріне арналған сараптамалық баянда-малар әзірлеу; Шетелде тұратын қазақ диаспорасының өзекті проблемалары бойынша әлеуметтік зерттеулер жүргізу; Отандастар істері жөніндегі комиссияның отырыстарын өткізу; "Туған тіл" мамандан-дырылған альманағын әзірлеу және шығару; Отандастарға арналған халық шығармашылығы фестивалін өткізу; Шетелде тұратын қазақ диаспорасының өзекті проблемалары жөнінде-гі республикалық (аймақтық) ғылыми-теориялық (практика-лық) конференциялар, семинарлар, кеңестер, дөңгелек үстелдер өткізу; Қазақ диаспорасы өкілдерінің қатысуы-мен өтетін ақындар-дың халықаралық мүш-әйрасы; Қазақтардың Кіші Құрылтайы. | | |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтиже:

- тілдерді дамытуға арналған жалпы 20-дан кем емес жалпы республикалық іс-шаралар (конференциялар, семинарлар, жиналыстар, дөңгелек үстелдер, конкурстар, байқаулар) өткізу;

- шетелде тұратын отандастардың өзекті мәселелеріне арналған жалпы 10-нан кем емес іс-шаралар (конференциялар, семинарлар, жиналыстар, дөңгелек үстелдер) өткізу;

- Қазақстан халықтарының бірлігін нығайтатын Қазақстан халықтарының 1 фестивалін және шетелде тұратын қазақ диаспорасымен жан-жақты байланысты нығайту мен дамытуға бағытталған отандастардың халықтық шығармашылық 1

фестивалін өткізу;

- Республика азаматтарының лингвистикалық сұранысын толық қамтамасыз етуді іске асыруға арналған 15 томдық "Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің" 2 томын әзірлеу;

- қазақ тілінің біркелкі терминологиялық жүйесін ендіру және республика аумағында топонимикалық атауларды фонетикалық, лексикалық, графикалық принциптермен сәйкестендіру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика және Мемлекеттік терминология комиссияларының 6 отырыстарын өткізу;

- қазақ тілін қоғамда дамыту үшін бағытталған "Тіл және қоғам" мамандандырылған альманахтың 3 - номерін басып шығару;

- мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларға арналған қазақ тіліндегі "Балапан" журналының 4 номерін шығару;

- терминология мен ономастиканы жетілдіру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминологиялық және мемлекеттік ономастика комиссияларының 8 бюллетеньдерін шығару;

- шетелде тұратын отандастардың ғылыми және шығармашылық ұйымдарымен тұрақты қатынасты қолдау үшін "Туған тіл" мамандандырылған альманахтың 2-номерін басып шығару;

- қазақ тілін әр түрлі салаларда үйрету мен енгізуге бағытталған 7-тен кем емес компьютерлік бағдарламалар әзірлеу;

- қазақ тіліндегі веб-порталды ақпараттық қолдау және жетілдіру;

- шетелде тұратын отандастар мен мемлекеттік тілдің сұрақтарына арналған 4 әлеуметтік зерттеулер өткізу;

- мемлекеттік қызметкерлерге қазақ тілін үйрету үшін керекті жағдай жасау мақсатында Республикалық мемлекеттік тілді жеделдетіп оқыту орталығына негізгі активтер сатып алу:

1 автомашина (газель), 45 компьютерлердің жинақтығы, 3 лингафондық кластар, 3 көшіру аппараттары, экранымен 3 проектор, кластарға арналған 3 тақта, 3 сейф, 1 переплеттік аппарат, 32 офистік жиһаздар жинақтығы.

Соңғы нәтиже:

- Қоғамдық өмірдің барлық салаларына мемлекеттік тілдің ролін арттыру;

- Этникалық топтардың тілдерін дамыту;

- Шет елдерде тұратын отандастардың ұлттық-мәдени, рухани және тілдік қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Қаржылық-экономикалық нәтиже:

- мемлекеттік тілді дамытудың іс-шараларын (конференциялар, семинарлар, смотрлар, жиналыстар және т.б.) өткізу шығындарының орташа құны - 1900 мың теңге;

- отандастардың тілдік және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру іс-шараларын

өткізу шығындарының орташа құны - 1465 мың теңге;

- оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттерді, сөздіктерді, анықтамалықтарды дайындау және шығару шығындарының орташа құны - 1200 мың теңге;

- Әлеуметтік зерттеулер әзірлеудің орташа шығындары - 1200 мың теңге;

- Мемлекеттік тілді дамытуға арналған компьютерлік бағдарламаларды әзірлеудің орташа шығыны - 12000 мың теңге;

- Мәтінді автоматты түрде аудару компьютерлік бағдарламаларын әзірлеудің орташа шығыны - 36 322 мың теңге;

Уақыттылығы:

- Тілдерді қолдану мен дамытудың және шет елдерде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес іс-шаралар өткізу;

- Жоспарда белгіленген мерзімдерге сәйкес іс-шаралар өткізу.

Сапа:

- республика азаматтарының барлығының және шетелдегі отандастардың қазақ тілін меңгеру деңгейін жетілдіру;

- шетелдерде тұратын отандастардың тілдік қажеттіліктерін толыққанды қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 28 маусымдағы
N 470а қаулысына 18-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2008 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
N 72-18 қосымша

206 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мәдениет объектілерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері" деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 658 800 мың теңге (алты жүз елу сегіз миллион сегіз жүз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : жоқ.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : халықтың салауатты өмір салтын қамтамасыз ету, мәдени мұралар, театр мәдениетін дамыту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : мәдениет инфрақұрылымын дамыту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 006 | | Облыстық бюджет-терге, Астана және Алматы қалалары-ның бюд-жеттеріне мәдениет объекті-лерін дамытуға берілетін нысаналы даму транс-ферттері | Мәдени нысандарды дамыту үшін ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1228 қаулысының 2-қосымшасына сәйкес облыстық бюджеттер, Астана және Алматы қалаларының бюджетін дамыту үшін нысаналы даму трансферттерді аудару,»"2006 жылға арналған республика-лық бюджет туралы" ҚР Заңын жүзеге асыруға сәйкес бекітілген қабылданған заңнама бойынша жобалық-сметалық құжаттарын іске асыру:<br>1. Астана қаласының тұрғындары үшін қыс-қамерзімді демалыс аймағы - "Қоянды" су қоймасының құрылысын (Мемлекеттік сарапта-маның 15.07.2004 ж. N 2-321/04 қорытынды-сы), Астана қаласындағы теннис кортының құрылысын (Мемлекеттік экспер-тизаның 22.12.2004 ж. N 2-702/04 қорытынды-сы).<br>2. С.Сейфуллин атын-дағы Қарағанды облыс-тық қазақ драма теат-рының ғимаратын салу (Мемлекеттік сарапта-маның 15.02.2005 ж. 12-15/05 қорытынды-сы). | жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Мәдениет және ақпарат министр-лігі, Астана мен Алматы қалалары-ның, облыстар-дың әкімдері |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтиже: Астана қаласының тұрғындары үшін "Қоянды" су қоймасындағы қысқамерзімді демалыс аймағының, Астана қаласындағы теннис кортының құрылыс

жұмыстарының және С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық қазақ драма театрының ғимаратын салу жұмыстарының орындалуы.

Соңғы нәтиже: тұрғындардың салауатты өмір салтын қалыптастыруы үшін мәдени нысандарды пайдалануға беру.

Қаржы-экономикалық нәтиже: жобалардың жүзеге асу тиімділігіне жүргізілген талдау қорытындысы бойынша.

Уақыттылығы: жасалған келісімшарттар мен жұмыс өндірісіне байланысты кестесіне сәйкес.

Сапа: құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 28 маусымдағы
N 470а қаулысына 19-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
N 72-19 қосымша

206 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау"
деген 007 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 607 592 мың теңге (алты жүз жеті миллион бес жүз тоқсан екі мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 24 желтоқсандағы "Мәдениет туралы" Заңының 33-бабы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1130 "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәселелері" қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 қарашадағы N 1161 "2006-2008 жылдарға арналған мәдениет саласын дамытудағы бағдарламаны бекіту туралы" қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : мәдениетті дамытуға және тарихи-мәдени құндылықтарды сақтауға жағдай жасау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жүйелік комплектілеу негізінде мәдени-ағарту және ғылыми-зерттеу жұмысын жүзеге асыру, еліміздің ұлттық мәдени игілігін музей ісі саласында қолдану мен зерттеу процесін материалдық-техникалық, технологиялық, ұйымдастырушылық, ғылыми-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 007 | | Тарихи-мәдени құндылық-тарды сақтау | Бейнелеу өнері, қол-данбалы өнер, халық шығармашылығы, антик-вар және көркем фотосурет көрмелерін өткізуді ұйымдастыру бойынша қызмет көрсету;<br>Тарихи-мәдени құнды-лықтарды сақтау, тіркеу, жинақтау және қайта жөндеуді қамта-масыз ету бойынша "Қазақстан Республи-касының "Орталық мемлекеттік мұражайы", "Қазақс-тан Республикасының Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайы", "Музыкалық үрмелі аспаптардың бірегей коллекциясы-ның Мемлекеттік музейі", "Республика-лық кітап музейі" және "Ордабасы Ұлттық-тарихи-мәдени қорығының" республи-калық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын-дарының жұмысын қам-тамасыз етуге ағымда-ғы трансферттер бөлу. Қазақстан Республи-касы Мәдениет және ақпарат министрлігі-нің бұйрығымен бекі-тілген Тізбеге сәйкес негізгі құралдарды сатып алу үшін бері-лген күрделі транс-ферттер:<br>-»"Қазақстан Респуб-ликасының Орталық мемлекеттік мұражай-ына", "Қазақстан Республикасының Ә.Қастеев атындағы | ақпан-желтоқ-сан<br><br>жыл бойы<br><br>ақпан-шілде | Қазақстан Республи-касы Мәдениет және ақпарат министр-лігі<br><br>Мемлекет-тік алтын және бағалы металдар мұражайы<br><br>Қазақстан Республи-касы Президен-тінің |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Мемлекеттік өнер мұражайына", "Музыкалық үрмелі аспаптардың бірегей коллекциясына", "Республикалық кітап мұражайы", "Ордабасы ұлттық тарихи-мәдени қорығына". - Зергерлік өнер мен ұсталық шеберлікті дамыту мақсатында тарихи ескерткіштерді сақтау және зерттеу, жүйелендіру, жиналуын жүзеге асыру. Негізгі активтер мен техникаларды сатып алу. Қазақстанда мемлекеттік мұражай бейнесін жасау және тарихын көрсету үшін тарих және мәдениет ескерткіштерін жинау, жүйелеу, сақтау және зерттеу үрдістерін ғылыми әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру. Негізгі активтер мен техникаларды сатып алу. | қаңтар-желтоқсан қаңтар-желтоқсан | мәдени орталығы |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтиже:

- мұражай тану жөнінде 250 лекция өткізу;
- 4100 экскурсия өткізу;
- мұражайтану саласында 150 ғылыми мақала шығару;
- 30 халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысу;
- 5 халықаралық ғылыми-форумға қатысу.
- 15 халықаралық ғылыми-практикалық семинарға қатысу;
- мұражай тану мәселесі бойынша 400 ғылыми кеңес өткізу;
- 110 тақырыптық көрме өткізу;
- 3 ғылыми теориялық симпозиумға қатысу;
- 35 жылжымалы көрме өткізу;
- 27 басқа іс-шаралар өткізу (дөңгелек үстелдер және т.б.);
- 1000 экспонатты қалпына келтіру.

Алтын және бағалы металдар мемлекеттік мұражайына қорларды толықтыру үшін

экспонаттар, экспонаттау үшін "Алтын адам" көшірмесін, баспа қызметі үшін шағынтипография сатып алу;

Қазақстан Республикасы Президенттік мәдени орталығына проекторлар, графикалық жұмыстарға арналған компьютерлер, телевизорлар, серверге арналған техникалық құралдар және қорларын толықтыру үшін экспонаттар сатып алу.

Соңғы нәтиже: мұражайлық мәндегі және тарихи мәдени ескерткіштерді танымалдандыру және жүйелі комплектілеу негізінде мәдени-ағарту және ғылыми зерттеу қызметін жүргізу.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: бір экспонаттың сақталуын қамтамасыз етудің орташа шығыны - 2026 теңге.

Уақыттылығы: іс-шараларды бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес атқару.

Сапасы: республика халқының мәдени-рухани деңгейін арттыру және Қазақстанның ерекше тарихи-мәдени мұраларымен әлемдік қауымдастықты таныстыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 26 маусымдағы
N 470а қаулысына 20-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
N 72-20 қосымша

206 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін сақтауды қамтамасыз ету" деген 008 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 849 933 мың теңге (сегіз жүз қырық тоғыз миллион тоғыз жүз отыз үш мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : 1996 жылғы 24 желтоқсандағы "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабы , 1992 жылғы 2 шілдедегі "Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 34 және 36-баптары , Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 13 қаңтарда N 1277 Жарлығымен бекітілген "2004-2006 жылдарға арналған "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 қазандағы N 1052 Алматы облысында " Тамғалы" мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи мұражай-қорығы" мемлекеттік мекемесін құру туралы" қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 1009 "2005-2009 жылдарға арналған "Ежелгі Отырарды жаңғырту" бағдарламасы" қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29

қазандағы N 1130 "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәселелері" қаулысы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : мұражай-қорықтардың құрамына кіретін мәдениет тарихи ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз ету, тарихи және мәдени ескерткіштерді салу және жаңғырту, елдің мәдени мұрасын тиімді пайдалану, туризмді дамыту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : ескерткіштер мен еске алу орындарын мемлекеттік есепке алуды қамтамасыз ету, жаңа ескерткіштерді анықтау, археологиялық экспедициялар мен экскурсияларды жүргізу, тарихи және мәдени ескерткіштерді салу және консервациялау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 008 | | Тарихи-мәдени мұра ескерт-кіштерін сақтауды қамтама-сыз ету | | | |
| 2 | | 100 | Тарихи-мәдени мұра ескерт-кіштерін сақтауды қамтама-сыз ету | Отырар мемлекеттік археологиялық мұражай-қорығының аумағында орналасқан археологиялық және архитектуралық тарихи және мәдени ескерт-кіштерді сақтау. Негізгі активтерді және техникалық қондырғыларды сатып алу.<br><br>"Ұлытау" Ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорығының аумағында орналасқан археологиялық және архитектуралық тарихи және мәдени ескерт- | жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Мәдениет және ақпарат министр-лігі Отырар мемлекет-тік археоло-гиялық мұражай-қорығы<br><br>"Ұлытау" Ұлттық тарихи-мәдени |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | кіштерді сақтау. Негізгі активтерді және техникалық қондырғыларды сатып алу.<br><br>"Әзірет Сұлтан" мемлекеттік тарихи-мәдени мұражай-қорығының аумағында орналасқан археологиялық және архитектуралық тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтау. Негізгі активтерді және техникалық қондырғыларды сатып алу.<br><br>"Жидебай-Бөрілі" мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық Абай мұражай-қорығының аумағында орналасқан археологиялық және архитектуралық тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтау. Нысандарға жөндеу жүргізу. Негізгі активтер мен техникалық қондырғылар сатып алу.<br><br>"Көне Тараз ескерткіштері" мемлекеттік тарихи-мәдени мұражай-корығының аумағында орналасқан археологиялық және архитектуралық және мәдени ескерткіштерді сақтау. Техникалық қондырғыларды сатып алу.<br><br>Тамғалы" мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи мұражай-қорығының аумағында орналасқан археологиялық және архитектуралық тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтау. Негізгі активтерді | | және табиғи қорығы<br><br>"Әзірет Сұлтан" мемлекеттік тарихи-мәдени мұражай-қорығы<br><br>"Жидебай-Бөрілі" мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық Абай мұражай-қорығы<br><br>"Көне Тараз ескерткіштері" мемлекеттік тарихи-мәдени мұражай-қорығы<br><br>"Тамғалы" мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | және техниканы сатып алу. | | мұражай-қорығы |
| 3 | | 101 | Тарихи-мәдени мұра ескерт-кіштерін қалпына келтіру | 2004-2006 жылдарға арналған "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы шеңбе-рінде ескі мешіттер-ді, тарихи кешендер-ді, мавзолейлерді жөндеу және жаңғырту жөніндегі жұмыстарды жүргізу. Шығыс Қазақстан облысындағы Берел мазаратының алтын бұйымдарын жөндеу және консервациялау. Солтүстік Қазақстан облысындағы "Абылай хан резиденциясы" кешенін қайта жасау. | ақпан-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касының Мәдениет және ақпарат министр-лігі |
| 4 | | 102 | Қазақ халқының мәдени мұрасын зерттеу жүйесін құру | ЮНЕСКО-ның алдын-ала тізіміне кірген мәдени және аралас мұра нысандарын қор-ғау аумақтары мен аймақтары шекараларын анықтау; ЮНЕСКО-ның алдын-ала тізіміндегі Дүниежүзілік мұрала-рының ықтимал нысан-дары деректер базасын жасау; Қазақстанның тарихи мен мәдени ескерткіш-терінің қолда бар тізімдерін нақтылау және қайта қарау, дүниежүзілік, респуб-ликалық және жергі-лікті мәні бар тарих және мәдениет ескерт-кіштерінің мемлекет-тік тізімін басып шығару үшін материал-дар әзірлеу. Ақмола, Ақтөбе және Павлодар облыстары бойынша тарих және мәдениет ескерткіштері жинағын баспаға әзірлеу. | ақпан-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касының Мәдениет және ақпарат министр-лігі |
| 5 | | 103 | Тарихи-мәдени мұра | Мәскеу қаласында Абай Құнанбаевқа ескерткіш орнату, аумағын | ақпан-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ескерт-кіштерін салу | көріктендіру. Минск қаласында жауынгерлерге стела орнату. | | Мәдениет және ақпарат министр-лігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтиже:

- Отырар мемлекеттік археологиялық мұражай-қорығы: сканер, сандық фотоаппарат , компьютер қондырғыларының комплекті сатып алу - 3 комплект.
- "Ұлытау" ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорығы: фотоаппарат, бейнекамера, экспонаттарға арналған сөрелер сатып алу - 4 дана.
- "Әзірет Сұлтан" мемлекеттік тарихи-мәдени мұражай қорығы: қорды толықтыру үшін экспонаттар сатып алу - 300 дана.
- "Жидебай-Бөрілі" Абай мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалды мұражай-қорығы: терможелімдегіш беттеу машинасын, экспонаттар - 12 бірлік, мұражай экспонаттарын көрсету үшін бейнепроектор сатып алу.
- "Ежелгі Тараз ескерткіштері" мемлекеттік тарихи-мәдени мұражай-қорығы: бейнекамера, мұражай қызметіне байланысты ақпараттарды жіберу мен қабылдауға арналған факс, алыстан жұмыс істеуге арналған радиотелефон сатып алу - 2 дана.
- "Тамғалы" мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи мұражай-қорығы: сандық камера, сандық фотоаппарат, өрт сөндіру шиттерін, жанар-жағар майға арналған ыдыстар, бейнепроектор, көшіру аппаратын, радио телефон, компьютерлер сатып алу - 6 комплект, факс.

"Жидебай-Бөрілі" Абай мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық мұражай-қорығы нысандарына жөндеу жүргізу.

2 көне мешітке қалпына келтіру және консервациялау жүргізу: Алматы облысындағы Жаркент архитектуралық-көркем мұражай (XIX ғ.), Семей қаласындағы бірмұнаралы және екімұнаралы мешіттер (XIX ғ.).

5 тарихи кешенге қалпына келтіру және консервациялау жүргізу:

Шығыс Қазақстан облысындағы "Жидебай-Бөрілі" кешені XIX ғ. (Жидебай ауылында), Жамбыл облысындағы Ақыртас сарай кешені (VI-VIIIғ.); Бөкей Ордасындағы Хан сарайы кешені (Батыс Қазақстан облысындағы қазынашылық, әйелдер гимназиясы, қару-жарақ палатасы және т.б. ғимарат); Оңтүстік Қазақстан облысы Тұрбат ауылындағы архитектуралық-мәдени кешен, XIII-XVI ғ. (Ысқақ ата және Жәбрейіл ата мавзолейлері); Баба ата қорғанды-сарай кешені, (VI-XIX ғ.);

"2004-2006 жылдарға арналған "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 3 мавзолейлерді жөндеу және жаңғыртуды жүргізу: Қызылорда облысындағы Асан ата мавзолейі; Қожа Ахмет Яссауи мавзолейінің кейбір өңделген бөлімшелерін жөндеу және шатырын қалпына келтіру, XIV ғ.; Арыстанбаб мавзолейінің қалпына келтіру жұмыстарын аяқтау.

Петропавловск қаласындағы "Абылай хан резиденциясы" кешенін қайта жасау.

Шығыс Қазақстан облысындағы Берел мазаратының археологиялық алтын бұйымдарын жөндеу және консервациялауды жүргізу.

Мәскеу қаласында Абай Құнанбаев ескерткішін әзірлеу және орнату, аумағын көріктендіру.

Минск қаласында Ұлы отан соғысы жылдарында Белоруссияны азат етуде қайтыс болған қазақстандық әскерлерге стелла орнату.

4 бағыт бойынша қазақ халқының мәдени мұрасын зерттеу жүйесін құру: мәдени және аралас мұра нысандарын қорғау аумақтары мен аймақтарының шекараларын анықтау; Дүниежүзілік мұраларының ықтимал нысандары деректер базасын жасау; тарихи және мәдени ескерткіштердің қолда бар тізімдерін нақтылау және қайта қарау; архитектуралық ескерткіштердің құрылыс материалдары жөніндегі мәліметтерді жинақтау және жүйелеу, тарихи-технологиялық зерттеу.

Соңғы нәтиже: елдің мәдени мұрасын зерттеу, қорғау, пайдалану мен насихаттауға байланысты ұлттық мәдениеттің сақталуы мен жаңғыруы, еңбектер серияларын ғылыми зерттеу және басып шығару жолымен ұлттық әдебиет және жазбаның көпғасырлық тәжірибесін жинақтау жөніндегі шараларды қарастыратын тарихи-мәдени дәстүрді жаңғырту және дамытуды жалғастыру.

Қаржылық экономикалық нәтиже: 1 нысанды жөндеудің орташа шығын құны 29,6 млн. теңге.

Уақыттылығы: бекітілген кестеге сәйкес жөндеу жұмыстарын орындау, қалпына келтіру, консервациялау, негізгі активтерді сатып алу, ескерткіштерді уақытында жасау, үнемі сақтау, тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін тіркеу және танымал ету.

Сапасы: тарих және мәдениет көне ескерткіштерінің көпғасырлық дәстүрлерін сақтау және дамыту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 28 маусымдағы
N 470а қаулысына 21-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
N 72-21 қосымша

206 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Ұлттық фильмдер шығару"
деген 009 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1120423 мың теңге (бір миллиард бір жүз жиырма миллион төрт жүз жиырма үш мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : 1996 жылғы 24 желтоқсандағы "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1130 "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәселелері" қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : ұлттық кинематографияны дамыту, республика тұрғындарының мәдени-эстетикалық, рухани қажеттілігін қанағаттандыру, ұлттық фильмдердің халықаралық имиджін нығайту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : мемлекеттің, қоғам мен тұлғаның даму болашағы мен бүгінгі күнгі жағдайын, тарихын бейнелейтін әралуан түрдегі және жанрдағы киношығармашылығын жасау жолы арқылы ұлттық киноөнерін дамытуды қамтамасыз ету;

қазақ халқының сан ғасырлық тарихы барысында қалыптасқан терең философиялық-рухани негіздері мен құндылықтарын бейнелеу, гуманистік идеалдарға, адамгершілік пен патриотизмге негізделген кинематографиялық тақырыптарды игеру;

әлеуметтік-қоғамдық, саяси, экономикалық, мәдени өмірдегі қазақ халқының қазіргі жетістіктерін деректі, көркем, анимациялық кино құралдары арқылы көрсету;

өмірді дәлелдететін ұстанымды Замандас бейнесін бейнелейтін киношығарма жасау үшін шығармашыл зиялыларды біріктіру және шоғырландыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | Ұлттық фильмдер шығару | Ауыспалы көркем фильмдер өндірісі: "Махамбет қанжары"; "Мұстафа Шоқай", "Ұмыт жылдар балладасы", "Перісте", "Ауылым" комедиясы, "Қасқыр сағаты". Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлі-гінің бұйрығымен бе-кітілген тақырыптық жоспарға сәйкес көр-кем деректі және ани-мациялық (мультипли- | қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касы Мәдениет және ақпарат |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | кациялық) фильмдерді, дебют-фильмдерді шығару. Үздіксіз кинотехнологиялық үрдісті қамтамасыз ету - фильм түсіруге, шығаруға және басуға арналған, сондай-ақ алғашқы фильм материалдары мен фильм көшірмелерін сақтауды қамтамасыз етуге арналған шикізат пен материалдарды сатып алу. Фильмдерді дубляждау. Сценарийлік резервті қалыптастыру. Ұлттық фильмдерді сақтау. Ұлттық фильмдерді таралымдау және дистрибьюциялау - жалға беруге және сатуға шығарылатын фильмдердің қажетті мөлшерін көшіру. | | министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтиже: Мәдениет саласында Қазақстанның мемлекеттік саясатын жүзеге асыруға бағытталған және кинематография құралдары арқылы елдің әлеуметтік экономикалық дамуын көрсететін жаңа фильмдермен фильм қорын молайту.

Тарихи тақырыптағы, классикалық қазақ әдебиетінің шығармаларын және қазіргі заман тақырыбындағы фильмдерді экранизациялау шығармалары енгізілген 6 ауыспалы көркем фильм шығару жөніндегі жұмыстарды жалғастыру.

Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу тарихында қайталанбас маңызы бар тарихи оқиғаларды бейнелейтін қазақ халқының кемеңгер тұлғалы ұлдарының өмірі және қызмет тарихын деректі кино құралдары арқылы бейнелейтін 9 деректі фильм шығару.

2 дебюттік фильм шығару.

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихы барысында қалыптастырған гуманистік патриоттық идеалдар мен құндылықтар тұрғысында жас ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелейтін балалар мен жас өспірімдерге арналған 3 анимациялық фильм шығару.

Соңғы нәтиже: Республика тұрғындарының идеалогиялық тәрбиесінде ұлттық фильмдердің рөлін арттыру. Халықаралық аренада мемлекеттің имидждік саясатын киноматография құралдарымен жылжыту, тұрғындардың мәдени деңгейін көтеру.

Қаржы-экономикалық нәтиже: Көркем фильмді шығарудың орташа құны - 154 500,0 мың теңге, деректі фильмді шығарудың орташа құны - 3300,0 мың теңге,

анимациялық фильмді шығарудың орташа құны - 10000,0 теңге, дебюттік-фильм шығарудың орташа құны - 20000,0 мың теңге.

Уақыттылығы: Тақырыптық жоспарға сәйкес ұлттық фильмдерді түсіру жөніндегі мемлекеттік тапсырысты уақытында орындау.

Сапасы: Халықаралық фестивальдарға, кинофестивальдар мен байқауларға қатысу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 28 маусымдағы
N 470а қаулысына 22-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
N 72-22 қосымша

206 - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Мұрағат қорын сақтауды қамтамасыз ету"
деген 010 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 290 034 мың теңге (екі жүз тоқсан миллион отыз төрт мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі "Тарихи-мәдени құндылықтарды қорғау және пайдалану туралы" Заңы ; 1998 жылғы 22 желтоқсандағы "Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы , 2004 жылғы 20 желтоқсандағы "ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы , 1999 жылғы 7 қазандағы N 1538 " Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағат қоры туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы , 2002 жылғы 28 мамырдағы N 578 " Құжаттар көшірмелерінің мемлекеттік сақтандыру қоры туралы ережені бекіту туралы" ҚР Үкіметінің қаулысы , 2004 жылғы 21 сәуірдегі N 445 "Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі Комитеттің мемлекеттік мекемелерін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы , 2004 жылғы 29 қазандағы N 1130 Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәселелері жөніндегі" ҚР Үкіметінің қаулысы , 2005 жылғы 1 наурыздағы N 183 "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің Археография және деректану Ұлттық орталығы" мемлекеттік мекемесін құру туралы" ҚР Үкіметінің қаулысы , 2005 жылғы 5 наурыздағы N 214 "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарға қарайтын мемлекеттік мекемелер санының лимиттік штатын бекіту" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан халықтарының тарихи-деректі мұраларын сақтауды қамтамасыз ету және оның ғылым, мәдениет даму мақсатында қолдану, мемлекеттік сұранысты өтеу.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын арнайы қолдану және мемлекеттік есепке алу, сақталуын, толықтырылуын қамтамасыз ету, мұрағат ісі, құжаттану саласында басқару, дыбыстық бейнелік және ғылыми-техникалық құжаттамамен ғылыми-зерттеу мен ғылыми-әдістемелік жұмыстар жүргізу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 010 | | Мұрағат қорын сақтауды қамтама-сыз ету | | | |
| 2 | | 100 | Мұрағат құжаттарының сақталуын қамтама-сыз ету | Қамтамасыз ету: Қазақстан Республика-сы Ұлттық мұрағат қорында орталық заң-намалық, атқарушы, сот органдары мен басқа республикалық заңды тұлғалардың қызметіне арналған құжаттарды сақтау; Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комите-тінің Орталық мемле-кеттік мұрағатында өзінің саласы бойынша жинақталған құжаттар-дың ғылыми ақпараты және жарияланымы, оның арнайы қолданы-луын ұйымдастыру. Негізгі заттарды сатып алу. Материалдық емес активтерді сатып алу. | жыл бойы<br><br>наурыз-желтоқ-сан | Мәдениет және ақпарат министр-лігі Ақпарат және мұрағат комитеті-нің Орталық мемлекет-тік мұрағаты<br><br>Қазақстан Республи-касы Мәдениет және ақпарат министр-лігі Ақпарат және мұрағат комитеті |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Жоба сметалық-құжаттама мен мемлекеттік сараптама қорытындысы негізінде Орталық мемлекеттік мұрағатқа күрделі жөндеу жүргізу. | шілде-желтоқсан | Кинофотоқұжаттар және дыбысжазбалар орталық мемлекеттік мұрағаты |
| | | | | Қамтамасыз ету: Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағат қорында республикалық мемлекеттік заңды тұлғалар қызметіне арналған кинофотоқұжаттар және бейнефонограммаларды сақтау, ғылыми талдау және қолдану; Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің Кинофотоқұжаттар және дыбысжазбалар орталық мемлекеттік мұрағатында сала бойынша құжаттарды қолданып, жариялап, ғылыми ақпараттар жасау. Негізгі заттарды сатып алу. | ақпан-желтоқсан<br><br>қаңтар-желтоқсан | Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті ғылыми-техникалық құжаттарының орталық мемлекеттік мұрағаты |
| | | | | Қамтамасыз ету: Республикалық мемлекеттік заңды тұлғалардың қызметіне арналған Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағат қорының ғылыми-техникалық құжаттарын қолдану, ғылыми өңдеу, сақтау; Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің Ғылыми-техникалық құжаттама орталық мемлекеттік мұрағатында сала бойынша құжаттарды жариялап, қолданып, ғылыми ақпарат жасауды ұйымдастыру. | наурыз-желтоқсан<br><br>қаңтар-желтоқсан | Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Негізгі заттарды сатып алу. | | нің Шағын фильм жасау және мемлекеттік мұрағаттардағы құжаттық материалдарды қалпына келтіру орталық лабораториясы |
| | | | | Қамтамасыз ету: Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің Шағын фильм жасау және мемлекеттік мұрағаттардағы құжаттық материалдарды қалпына келтірудің орталық зертханасында мемлекеттік мұрағат дайындаған баспа өнімдерін Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағат қорындағы құжаттарды сақтауды қамтамасыз ету бойынша жұмыс кешенін орындау; Мұрағат құжаттар көшірмесінің, құжаттардың баспа типографиясының көбеюін, мемлекеттік қорғау қорын ашу; Негізгі заттарды сатып алу. | наурыз-желтоқсан<br>қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті Құжаттану және мұрағат ісі жөніндегі ғылыми-техникалық ақпарат орталығы |
| | | | | Қамтамасыз ету: Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің Құжаттану және мұрағат ісі жөніндегі ғылыми-техникалық ақпарат орталығын анықтамалық-ақпараттық қорды, мұрағаттану, құжаттану, көмекші тарихи пәнді құру жұмыстары. Негізгі мұрағаттарды сатып алу. | наурыз-желтоқсан<br>қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат |
| | | | | Қамтамасыз ету: Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің Археография және деректану | наурыз-желтоқсан | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
